

ШАҚТЫҚ ЖӘНЕ ТЕМПОРАЛЬДЫҚ КАТЕГОРИЯЛАР

Абдуова Баян

Қимыл, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен байланысты болып өткендігін, болып жатқандығын, болатынын білдіріп, белгілі жолдармен жасалатын етістіктің грамматикалық категориясы шақ категориясы деп аталады. Сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың мезгілі, шақтық мағынасы а) үнемі қайталанып, дағдыға айналған іс-қимыл, сөйлеп тұрған кезде болып жатқан қимыл, әрекет; ә) сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып кеткен қимыл, әрекет; б) сөйлеп тұрған кезде әлі болмаған, бірақ кейін болуға тиісті іс, әрекеттерден көрінеді.

Шақ категориясы – етістіктің басты қасиеті. Бұнда болатын формалардың басым көпшілігі – іс-әрекеттің әр түрлі шақта болуы. Сондықтан да ондай формалардың құбылыс сырын, мағыналық ерекшелігін қарастыру – шаққа тән қасиет. Шақ категориясы белгілі бір формалар арқылы беріледі. Ондағы қимылдың, жай-күйдің өзі белгілі бір уақытта, мерзімде болатыны, болғандығы не болып жатқандығы сол етістік бойынан аңғарылады. Лингвистика мұндай етістіктің берілу жолын ашық рай деп те атайды. Істің сөйлеп тұрған уақыттан бұрын, не соң, не сол кезде істелуін, не істелмеуіне қарай етістіктер белгілі бір жақта, шақта тұрады. Бұл – етістік категориясының басқа сөз таптарынан негізгі бір ерекшелігі. *Тыңдап отыр, тыңдамақшы, айтты* етістіктерінде субъектімен, мезгілмен және басқа жағдайларға қарай, күрделі (тыңдап отыр, көтеріліп келе жатыр), дара етістікте де (айтты) шақ көрінісі байқалады. Осындай етістіктердің шақ көріністері белгілі бір морфемалар арқылы беріледі де (айт-ты), содан кейін қимыл есім жағдайына қарай жіктеледі.

А.Байтұрсынов «Тіл-құралда» етістіктің шақ көрсеткішін ашық раймен байланыстыра қарастырады. Ғалым осы шақтың екі түрін көрсетеді де, айтулы қалып етістіктерінің жіктелген түрін *нағыз осы шақ* деп бөліп айтады. Ал өткен шаққа етістіктің *-ды, (-ді, -ты, -ті)* жұрнақтары арқылы жіктелген түрін және есімшенің *-ған, (-ген, -қан, -кен)* тұлғалы түрін келтіреді. Келер шаққа *-ар* тұлғалы етістіктің жекелеген дара, күрделі түрлерін жатқызады. Ғалым есімшені үш топқа бөліп, *осы шақтық есімше, өткен шақтық есімше, ұйғарынды есімше* деп айқындайды. А.Байтұрсынов еңбектерінің құндылығы да тілдің типологиялық ерекшелігін біліп, тілдік тұлғаларды дұрыс ажыратуы және қазақ тілі ғылымына қатысты терминдерді ана тілімізде беруі. [1]

Қ.Жұбанов өткен шақты 9 түрге бөліп, әрқайсысының мағыналық топтарын атап көрсетеді. Келер шақты 4 түрге, осы шақты 2 түрге бөліп қарастырған ғалымның нақ осы шақ көрсеткіштерінің семантикалық ерекшеліктерін сипаттауы қазақ тіл біліміндегі семасиология саласы бойынша алғашқы жаңалық болғаны даусыз. [2]

Ы.Маманов «етістіктің шақ атаулары шартты түрде қойылған терминдер» дейді. Өткен шақты *жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ежелгі өткен шақ,, дағдылы өткен шақ, қатысты өткен шақ* деп бес түрге бөлгенмен, олардың арасындағы айырмашылық - әртүрлі мезгілдік мағына білдіруінде емес, әрқайсысына тән өзіндік семантикасында екенін дәлелдейді. Шақ категориясына қатысты Ы.Маманов:

1. Етістіктің шақ формасы қимылды, уақиғаның уақытын жалпы түрде көрсетеді. Ал дәл өту мезгілін, жыл санын көрсететін сан есімдермен тіркесу арқылы және мезгіл үстеулері арқылы білдіре алады.

2. Шақ формаларының арасындағы айырмашылық - әр түрлі мезгілдік мағына білдіруінде емес, олардың әрқайсысының өзіне тән семантикасында.

3. Болжалды келер шақ субъективтік мәнде сөйлеушінің бір іске көзқарасын білдіретіндіктен, ашық райға жатпайды. Тек мақал –мәтелдерде ашық рай мәнінде айтылады.

4. Ниет есімшенің «*еді*», «*бол*» көмекші етістіктерімен тіркесуі арқылы жасалған күрделі формасы ашық рай мәнінде белгілі бір грамматикалық шақ мағынасын білдірмейді (*бармақшы болды, кеше бармақшы болды, ертең бармақшы болды*).

5. Етістіктің ауыспалы келер шақ формасы қимылдың әртүрлі ағымын білдіріп, осы шақ мағынасында жұмсалады, осы шақ мағынасы - оның ауыспалы мағынасы деп қорытынды жасайды. [3]

Т.Қордабаев 1950 жылдары шақ категориясының зерттелу тарихына шолу жасайды. Ғалым онда түркі тілдеріндегі шақ категориясы туралы ХІХ және ХХ ғасырдың бас кезінде жарыққа шыққан еңбектерге талдау жасай келе, өзінің ой-пікірін білдіреді. «Ескере кететін бір нәрсе – түрік (кітапта осылай көрсетілген. - А.Б.) тілдерінің бұрын-соңды жарыққа шыққан грамматикалық құралдарының негізгі көпшілігінен етістіктің шақтары деген жеке тараулар кездеспейді. Оларда шақ категориясы етістіктің есімше, көсемше, рай салаларының семантикалық көп белгілерінің бірі ретінде алынған да, сол салаларды анықтауға арналған бөлімдерде ғана сөз болған» дейді [4, 9].

Александр Казем–Бек, З.А.Алексеев, Н.К.Дмитриев, Н.П.Дыренкова, М.Терентьев, П.М.Мелиоранский, В.В.Катаринский, Н.Сазантов, Г.В.Архангельский, С.Аманжоловтардың зерттеулерін талдай келе, ғалым олардағы етістік шақтарының дұрыс жүйеленбей тұрғандығын ашып көрсетеді. Шындығына келгенде, ғалым С. Аманжоловтың 1938 жылы шыққан «Қазақ тілі грамматикасы» (1 бөлім. Морфология) кітабында етістіктің шақтарына қатысты айтылған пікірлері толығырақ. Қазіргі күнде қолданылып жүрген «мақсатты келер шақ» С.Аманжоловта «міндетті келер шақ» деген терминмен берілген.

1942 жылы шыққан С.Кеңесбаев пен С.Жиенбаевтың «Қазақ тілінің грамматикасы» деген оқулықтарында өткен шақ *ескі өткен шақ, жедел өткен шақ, алыс өткен шақ, тиянақсыз өткен шақ* деп төртке бөлінген. Бұл авторларда «ауыспалы өткен шақ» атауы мүлде жоқ. Алайда бұл авторлар С.Аманжоловтың кітабындағы міндетті келер шақты мақсатты келер шақ деп өзгертеді.

1948 жылы жарық көрген «Қазақ тілі грамматикасы» атты мектеп оқулығында (авторлары Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев) келер шақты *шексіз келер шақ, шекті келер шақ, мақсатты келер шақ* деп үшке бөлген. Шекті келер шақ көсемшенің мақсатты түріне *алғалы отырмын, кеткелі жатыр, барғалы тұр* сияқты сөздер және *жатыр, тұр, отыр, жүр* етістіктері жалғасу арқылы жасалады деп көрсетеді.

Авторлар аталған еңбекте осы шақты құрылысына қарай *дара және күрделі* деп бөледі.

Енді бір ғылыми еңбектерде белгілі ғалымдардың етістіктің шақтық мағынасын анықтаудағы ұстанған көзқарастарының алшақ кететінін де анық көруге болады. Мысалы, Ә. Төлеуовтің тұйық етістікке -да, -де қосымшасы, кейін жіктік жалғауы жалғану арқылы ауыспалы осы шақ жасауға болады [5] деген ойына, А.Ысқақовтың оқулығында [6] бұндай формаларда ешқандай вербалдық мағына болмайтындықтан және оған етістікке тән қосымшалар қосылмайтындықтан, етістіктің шақ формасы ретінде қарастырылмауға тиіс деген қарсы пікір айтады. Етістіктің мезгілін анықтауда өзімізге белгілі үш шақтың жасалуындағы аналитикалық форманттар туралы ғылыми негізде дәлелдеп, етістіктің шақ категориясының теориясына елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі ретінде Н.Оралбаеваны бөліп атауға болады [7].

Қимылдың жасалу тәсілін зерттеу 1960 жылдарда ерекше қарқын алуы қазақ тілі ғалымдарына да әсер еткен. Оны 1962 жылы шыққан «Современный казахский язык» деген еңбектен байқауға болады. Онда «Глаголы, выражающие различные характеристики действия» деген тақырып беріліп, қимылдың тоғыз түрлі жасалу тәсілі көрсетілген [8, 283-288]. Сонымен қазақ тіл білімінде де бұл мәселе оқтын-оқтын түрлі дәрежеде, түрліше сөз болып келді. Тек 1971 жылдан мәселе ғылыми түрде дәлелденіп, бұл категорияның ғылыми негізі жасалды, сөйтіп, оқулыққа енгізілді. Осы категорияны Н.Оралбаева былайша сипаттайды: «Бұл категория қимылдың объективті дүниеде қалай жасалғанын, қимылдың өту процесін дәлдікпен суреттеп береді. Бір қимылдың жасалуы әрбір конкретті жағдайда түрліше өтеді. Мысалы, *келіп қалды, келе қалды, келе қойды, келе берді, келіп жүрді, келе салды, келе түсті, келіп алды, келе жатыр, келе бастады* т.б. сол сияқты *жылап қалды, жылай қойды, жылай берді, жылап жүрді, жылай салды, жылай түсті, жылап алды, жылап берді, жылап жіберді, жылап бақты, жылай бастады, жылап қоя берді* т.б.» деп, оған төмендегідей түсінік береді: «Жоғарыдағы мысалдарда *кел, жыла* етістіктері өз мағыналарын өзгерткен жоқ. Тек *кел, жыла* етістіктері білдіретін қимылдың өту процесі әр түрлі болғаны анық көрініп тұр» [7, 157]. Әрі қарай ғалым әр мысалдағы қимылдың жасалу тәсілін атай отырып, қимылдың әр жағдайда әр түрлі жасалатынын дәлелдеп, оны негізгі қимылдың жасалуын суреттеу деп санаған. Етістіктің шақтарын белгілі бір өзіндік грамматикалық категориялары арқылы анықтасақ, темпоральдылық категорияны уақыттың сөйлемнің ішкі мазмұнына қатысы арқылы анықтаймыз.

Темпоральдылықты түсіну үшін алдымен көркем шығармадағы, мәтіндегі уақыттың суреттелуін, зейінге алынуын, қабылданудың өзгеше сипат-ерекшелігін анықтау керек. Шын өмірдегі нақты (реалды) уақыт – объективті уақыт. Реалды уақыт тек алға, бұрыннан болашаққа жүріп отырады. Осы уақыттың өзін адам өз сезімдерімен әр түрлі қабылдайды. Адам сезінуінде уақыт кейде ақырын, кейде жылдам өтіп отырғандай көрінеді. Ал әдеби шығармаларда уақыт кейде алға жылдам, кейде артқа жылдам, кейде өте баяу қозғалса, кейде үзіліп кетіп отырады. Шығармада жазушының таңдап алған тақырыбына, автордың қалауына орай оқиға соңынан басына қарай жылжуы, бірнеше кезеңдерді аттап өтуі, бір ғана сәттік уақытты кең көлемде суреттеуі мүмкін. Осыларға қарай отырып, шығармадағы уақыттың физикалық уақыттан әлдеқайда кең, сийымдылығы мол екенін аңғаруға болады. Осы орайда әдебиеттану

ғылымындағы «лирикалық шегініс» деген термин еске түседі. «Лирикалық шегініс - әдеби шығармаларда (мысалы поэмада, не романда) уақиға желісін кенет үзіп, өзі жайлы, не өзінің көңіліндегі басқа бір нәрсені баяндап беру. Мұның негізі уақиғаға тікелей қатысты бола қоймайды. Дегенмен, бұл әдістің де өзгеше ұтымды жағы бар» [9, 227]. Қазақ тіліндегі темпоральдық (уақыттық) категория біздің санамыздағы Уақыттың физикалық сипатының бейнеленуі арқылы айтылмақ ойдың мазмұндық аспектісін қалыптастырады. Осы сипаттардың молдығы мезгілдің функционалды-семантикалық өрістерінің көптеген сегменттерінің барлығын көрсетеді. Іс-әрекет сәтінің сөйлеу мезгіліне сәйкестігі (коммуникативтік сәт) немесе мәтіндегі сәтпен (хабарлау сәті) – сәйкестігі субъективтік шақ сегментін қалыптастырады. Кез-келген сөйлем, айтылмақ ой белгілі бір уақыт шеңберінде хабарланатындықтан, онда етістік пен есімдердің темпоральдылығы да түрлі деңгей мен кезеңдерде түрліше өтеді. Етістік заттың амалын, іс-әрекетін білдірсе, жалпы түбір етістіктер қимылды білдіреді, ал қимылдың қалай, қандай тәсілдер арқылы жүзеге асатынын білдіре алмайды. Сөйлемде етістік қолданылғанда, тек қимылды ғана білдіру жеткіліксіз. Өйткені өмірде қимылдың жасалуы түрліше. Соған орай ол қимылдың жасалуындағы әртүрлі ерекшеліктерді білдіретін әдіс-тәсілдер, түрлі көрсеткіштер мол. Қимылдың жасалуындағы әр алуан ерекшеліктер мен олардың өту кезеңін білдіретін тілде арнайы категория бар. Ол - қимылдың белгілі бір уақыт шеңберінде өту сипатын танытатын темпоральдық категория.

Етістіктің темпоральдық категориясының жалпы мағынасы қимылдың қандай мезгілде қалай жасалғандығын суреттеу, қимылдың қандай сатыда екенін көрсету, іс-әрекеттің уақыт шеңберінде қамтылуы мен шақтардың мағыналық реңкін ажырату болып табылады. Қимылдың мезгіл аясында өту сипаты категориясының жалпы мағынасымен қоса, оның өзіне тән, ішкі мағыналары толып жатыр. Темпоральдық категорияның өзіне тән ішкі мағыналық ерекшеліктерінің бірі – белгілі уақыт мерзімінде қимылдың басталуы, ортаңғы кезеңі, тез, қысқа жасалуы, созылыңқылығы, қимылдың соңғы сатысының көрсеткіштері, мерзім ішіндегі болған оқиғаның тиянақтылығы, тиянақсыздығы, аяқталғандығы, аяқталмағандығы, нақтылығы мен күмәндылығы және эмоционалды-экспрессивті, т.б. белгілері. Сондықтан да етістіктің шағы мен көрінісі темпоральдылықты анықтай түсуге әсер етеді.

Қазақ тіл білімінде көрініс категориясы бар деп арнайы еңбек жазған ғалым И.Ұйықбаев. Ол қазақ тілінде қимылдың жасалу қалпына қарай көрініс аяқталған, аяқталмаған күйді білдіретіндігін, олардың іштей бірнеше реңкті болып келетіндігін айта келіп, былай деп көрсетеді: «Аяқталған көрініс қимылдың тиянақтылығын, шапшаңдығын, бағытын, басталғанын, жете болғанын, жол-жөнекей жасалғандығын, жалған істі, немқұрайлы жасалған істі, бір-ақ рет болған қимылды білдіреді» [10, 77].

Етістіктің амал-әрекет ұғымдары мен оған тән сөздердің белгілі дәрежеде мезгіл ұғымымен байланысты болады. Мезгіл ұғымысыз етістікті жеке сөз табы деп қарауға да болмайды. Сол сияқты темпоральдылық категориясы да формалары мен қызметі жағынан адамның сөйлеп отырған кезіне байланысты анықталады. Амал, әрекет, қимыл, қозғалысты білдіретін етістіктер айтылып

отырылған сәтпен қатысына қарай әлі тынбаған, не тынған, немесе аяқталуға жақын, т.б көптеген сипаттарға ажыратылады.

Көркем әдебиеттен алынған мысалдарды талдау барысында темпоральдылықтың қаламгердің жазу машығына байланысты бірнеше түрде көрініс беретінін аңғаруға болады. Автордың өтіп жатқан оқиғаға, қоршаған ортаға байланысты көзқарасының қалыптасуына, өзі куәгер болған жағдайларға беретін бағасы сол уақыт аясында суреттеле отырып, түрлі шақтық мезгілді көрсетуде темпоральдылықты сан алуан бағытта қолдануға «мәжбүрлейді». Мысалы: *«Екеуі маған жатты да жалынды»*. (С.Мұқанов). Бұл сөйлемді жедел өткен шақтық мағынасында тұрған етістік деп қабылдайтынымыз рас. Бірақ сөйлемнің мазмұнына қарап, тез, жылдам уақытта болған қимыл, әрекет деп айта алмаймыз. Оған себеп - ұзақ мерзімдік мағынаны білдіретін **жатты** етістігі. Айтылған ойды әсірелеу мақсатымен келтірілетін бұл етістік қазақ тіліндегі **жатты да ұрысты, жатып кеп төбелесті, жатып кеп ренжіді, жатып ашуланды** деген сөз тіркестерінде қолданылады. Сөйлем мазмұнына қарай оқиғаның біраз уақыт көлемінде болғандығын және ол мерзімде бірнеше қайталанғандығын аңғаруға болады. Іс-әрекеттің үздіксіздігін таныту мақсатында ой екпіні ең алдымен осы **жатты** сөзіне түсірілген. Салыстырайық: *екеуі маған жалынды және екеуі маған жатты да жалынды*. Бірінші сөйлемде **жалыну**-дың эмоциялық реңкі мен уақыттық мөлшері нақты емес, екіншісінде ол да шылауының және **жатты** етістігінің әсерімен қимыл, әрекеттің ұзақтығы мен қайталанғандығынан хабар береді. Темпоральдылық болған оқиғаның шақтық мезгіліне қоса, орындалған іс-әрекет пен орындалып жатқан әрекеттердің уақытын нақтылауда айқын көрінеді: *«Сонда да айырылмай, мықшия тартып келе жатқанымда, ит бір арс етті де, жұлқына кеп жөнелді...»* (С.Мұқанов) деген сөйлемде бірнеше амал, әрекет суреттелген. Бірінші компоненттен нақ осы шақтағы аяқталмаған әрекеттің уақыт шеңберіндегі үзіліссіздігін байқасақ, екінші ой жүйесінен алғашқы әрекетке қарсы қимылдың аз уақыт ішіндегі, жылдам басталып, үдетпелі әрекетке жалғасқан көрінісін аңғарамыз. Мұндағы уақыттың жылдамдығын *арс етті* етістігінен гөрі, **-а кеп жөнелді** түріндегі күрделі аналитикалық формант үстемелей көрсетіп тұр. Күрделі аналитикалық форманттар іс-әрекеттің өту сипатын дәл көрсете алатын тілдік элемент болуымен қатар сол сәттегі уақыттың оқиғаға қатысын да танытады. Мысалы: *«Қарғыбауы қолымнан сусып шығып кетті. Мен құлап қала жаздап барып әрең оңалдым...»* (С.Мұқанов) деген сөйлемдерде етістік жедел өткен шақта қолданылған. Бірінші сөйлемнен қарғыбаудың қолдан шығуының тез, жылдам уақыт аралығында өткендігін **-ып кетті** аналитикалық формантынан байқаймыз. Бұл сөйлемде амал, қимыл уақыт шеңберінде аяқталған, тынған көріністі танытады. Ал екінші сөйлемде аяқталған әрекеттің бейнелі көрінісін бірталай уақыт шеңберінде болғанынан байқаймыз. Соңғы сөйлемдегі **әрең** үстеуі қимылдың қалай жүзеге асқанын ғана емес, біразға созылған уақыт мөлшерін де көрсетеді, сонымен қатар бұл қимыл-сын үстеуі **-п қала жаздап барып** тұлғасында келген күрделі аналитикалық форманттың қатысына қарай қимылдың қалай болып өткендігін дәл суреттеуге мүмкіндік берген. Көркем әдебиетте де, ауызекі сөйлеу стилінде де физикалық уақыттың шамасы субъектінің бағалауына байланысты кейде «сығылады», кейде «ұзартылады», кейде «тоқтап та қалады».

Оған тіліміздегі уақыттың зымырап өтуі немесе уақыттың өтпей қоюы, таңның (түннің, кештің) жылжымауы сияқты көптеген қолданыстар жатады. Бұлардан басқа кейіпкер, не айтушы оқиғадағы уақыттың мезгілінде орындалған (орындалып жатқан, орындалмақ болған) амал, қимылдардың жылдамдығына логикалық екпін түсіруді мақсат еткендіктен, градация тәсілін қолданады: «Ағаш жаққа қарасам, Қайыркe де ұшып келеді екен. Мен қасына келіп қалдым» (С.Мұқанов). Алынған сөйлемнің алғашқысындағы *ұшып келу*-дің мағынасы аз мерзімде жылдам орындалған әрекетті танытса, оған орайлас құрылған екінші сөйлемдегі *келіп қалу* қимылы шапшаңдықты аңғартады. Бұл сөйлемдер екі түрлі шақта қолданылғанмен, мағыналық жағынан нақ осы шақта болып жатқан оқиғаларға негізделген деп айта аламыз.

Келтірілген үзіндіде етістіктің шақтары хабарланып отырылған сәтпен бірігіп, нақ осы шақта баяндалып қана қоймай, оқырманның өзі де бақылып тұрғандай суреттелуі арқылы уақытпен толық қамтылған, тиянақталған ойды жеткізіп тұр. Сөйлемдердегі етістіктер жалпы ойды аңғартып тұрған нақ осы шақтағы оқиғаны суреттеуге атсалысқан. Тіл біліміндегі осындай мезгілдік қатынастардың түрлі дәрежесін темпоральдылық категорияны жан-жақты талдау арқылы ғана анықтауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл – құрал. Алматы, 1991.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966.
3. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1966.
4. Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясы. Алматы, 1955.
5. Төлеуов Ә. Сөз таптары. Алматы: Мектеп, 1982.
6. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы: Ана тілі. 1991.
7. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. Алматы, 1975.
8. Современный казахский язык. Алма-Ата, 1962.
9. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Семей: Толер – Пресс. 2006.
10. Ұйықбаев И. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің көріністері. Алматы, 1958
11. Мұқанов С. Өмір мектебі. Бірінші кітап. Алматы: Жазушы. 1970.

Резюме

Автор в этой статье пишет, что временные категории это самые главные качества глагола, и что множество форм обозначают разные времена действий, и еще с помощью форм мы можем преобразовать временные категории. В языковом знании временные выражение дают возможность использовать временные категории в разном виде.

Resume

The author in this article writes about temporary category is the main quality of the verb forms are given in variety of actions, also the temporary category is given by using some forms. In language education time expressions give an opportunity to use temporary categories in many ways.

Özet

Makalede vakit bildiren eklerin dil biliminde fiiller için çok önemli faktör olduğu anlatılmaktadır. Ayrıca onların değişimleri ve kategorilere bölünmesi de yeni bir bakış açısıyla ele alınmıştır.